ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 18 қаңтар №2301-23-00-2/2808 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.Е.Султангалиева,
сот отырысының хатшысы Д.Ш.Исмаилова болып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі карады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Құрманғазы ауданы «Көптоғай ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі,

ЖАУАПКЕР:
«ASE&ADAL88» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі,

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы,

СОТ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі М.Жігерұлы,

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 11 қазанда тараптар арасында құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы №29 келісім-шартқа (келесіде – шарт) қол қойған.

Шарт бойынша жауапкер шарт қазынашылық органда тіркелген күннен кейін 60 күнтізбелік күн ішінде талап қоюшыға 23 900 000 теңгеге «Славный» моторлы кемеге ағымдағы жөндеу жұмысын жүргізу түріндегі қызметтер жасауға міндеттенген. Шарт қазынашылық органға 17.10.2023 жылы тіркелген, яғни шарттың орындалу мерзімі 2023 жылғы 17 желтоксанға дейінболып табылады.

Алайда, шартта көзделген мерзімде жауапкер аталған қызметті көрсетпеген.

Талап қоюшы сотқа талап арыз жолдап, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған. Талап қоюшы өз талабын жауапкердің тараптар арасында жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауымен негіздеген және моторлы кеменің уақытылы жөнделмеуі халыққа қызмет көрсетуді қамтамасыз етпеу тұрғысынан жағымсыз салдар болып табылатынын түсіндірді.

Талап қоюшы өкілі талап қоюды қолдап, қызмет әлі күнге дейін орындалмағанын, жағымсыз салдарының бар екенін түсіндіріп, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысының өтетін орны мен уақыты туралы хабарлы болғанымен, жауапкер сот отырысына келген жоқ.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігінің талабына сай, сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған іске қатысатын тұлғалардың қайсыбірі келмеген жағдайда, егер олардың келмеу себептері дәлелсіз деп танылса, сот істі қарауға құқылы.

Сот, жауапкер өкілінің сот отырысына қатыспауын дәлелсіз деп танып, істі жауапкер өкілінің қатысуынсыз карады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (келесіде – АК) 272, 277-баптарына сәйкес міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың <u>тізілімі</u> өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін орындамауы талап қоюшының сотқа талап қоюмен жүгінуіне негіз болды.

Талап қоюшының уәждеріне сәйкес жауапкер шарт бойынша алған міндеттемелерін орындаған жоқ, шарт жасалған күннен бастап тиісті қызмет жеткізген жоқ.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сай, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы аталған міндетін орындап, сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен 2023 жылғы 14 қарашада жүгінген.

Көрсетілгендердің негізінде, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотта талап коюы негізді және қанағаттандырылуға жатады.

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 25.01.2024

2301-23-3-1/3277

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 725 теңгемемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Атырау облысы Құрманғазы ауданы «Көптоғай ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «ASE&ADAL88» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз катысушы деп тану туралы талап қою арызы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер «ASE&ADAL88» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «ASE&ADAL88» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңгемемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты аркылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Е.Султангалиева
Көшірмесі дұрыс. Судья А.Е.Султангалиева

Анықтама: Сот шешімі «26» ақпан 2024 жылы заңды күшіне енді.
Судья А.Е.Султангалиева

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 25.01.2024

2301-23-3-1/3277